

**Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 43/303-VI "2020-2022 жылдарға арналған Аягөз ауданының Ақшатау ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қарашадағы № 53/480-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 қарашада № 7830 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 55/532-VI шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 25.12.2020 № 55/532-VI шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 қазандағы №53/469-VI "2020-2022 жылдарға арналған Аягөз ауданының бюджеті туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №42/291-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7774 нөмірімен тіркелген) сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қаңтардағы №43/303-VI "2020-2022 жылдарға арналған Аягөз ауданының Ақшатау ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6582 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2020 жылдың 21 қаңтарында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ақшатау ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 32411,0 мың теңге, соның ішінде:  
салықтық түсімдер – 1378,6 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 244,4 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;  
трансферттер түсімі – 30788,0 мың теңге;  
2) шығындар – 32411,0 мың теңге;  
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;  
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, соның ішінде:  
қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;  
5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0,0 мың теңге;  
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0,0 мың теңге, соның ішінде:  
қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;  
қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0,0 мың теңге.";  
аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аягөз аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Касымжанов*

*К. Досиханов*

Аягөз аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 6 қарашасы  
№ 53/480-VI шешіміне  
қосымша

Аягөз аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 10 қаңтардағы  
№ 43/303-VI шешіміне  
1 қосымша

## 2020 жылға арналған Ақшатау ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сума (мың теңге)
Сыныбы		
Ішкі сыныбы		
	Атауы	
	I.Кірістер	32411,0
1	Салықтық түсімдер	1378,6
01	Табыс салығы	337,6

	2	Жеке табыс салығы	337,6
04		Меншікке салынатын салықтар	1041,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	19,0
	3	Жер салығы	44,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	978,0
2		Салықтық емес түсімдер	244,4
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0,0
	06	Басқада салықтық емес түсімдер	244,4
	1	Басқада салықтық емес түсімдер	244,4
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0,0
4		Трансферттер түсімі	30788,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	30788,0
	3	Аудандық (областық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	30788,0

Функционалдық топ			Сома (мың теңге)
Функционалдық кіші топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
		II. Шығындар	32411,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14851,5
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	14851,5
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14851,5
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14851,5
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	16338,5
	2	Коммуналдық шаруашылық	0,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
		014 Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	0,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	16338,5
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16338,5
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	6032,5
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0,0
		010 Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	0,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	10306,0
12		Көлік және коммуникация	0,0
	1	Автомобиль көлігі	0,0

	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	0,0
13		Басқалар	1221,0
9		Басқалар	1221,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1221,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1221,0
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0
		Қарыздар түсімі	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0,0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0,0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК